



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№29 (1853)
3 қыркүйек
2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ • www.kaznu.kz • facebook.com/KazakhNationalUniversity • vk.com/kazuniversity • instagram.com/KAZNU_FARABI

Түркі тарихынан сыр шерткен жаңалық

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Номгон мемориалдық кешенін тапқан экспедиция мүшелері – Халықаралық түркі академиясының ғылыми қызметкері Нәпіл Бәзілхан мен Моңғолия Ғылым академиясы Тарих және археология институтының жетекшісі ғылыми қызметкері Алтангэрэлийн Энхтөрдің қатысуымен «Құтлық қаған жазуы – ғасыр жаңалығы» атты ғылыми-теориялық дөңгелек үстел өтті.



«Моңғолияның Архангай аймағы, Номгон жазығындағы ғылыми археологиялық экспедиция жұмыстарының нәтижесінде табылған Құтлық Елтеріс қағанның кешені мен жазуы – түркология ғылымындағы үлкен олажа», – деп атап өтті ректор. Бұл жаңалықтың түркі-тілдестердің түп-түқиянынан бүгінге дейінгі тарихи жолына жаңаша көзқараспен қарауды талап ететінін жеткізді.

Жиында Номгон жазығындағы кешендерді алғаш анықтаған танымал археолог ғалым Алтангэрэлийн Энхтөр сөз алып, Халықаралық түркі академиясымен бірлескен археологиялық зерттеулердің кейбір нәтижелерімен таныстырды.

Дөңгелек үстелге қатысушылар ғасыр қойнауынан оралған бұл көне жәдігерлерді түркі жұрты ғана емес, жалпы өркениетті адамзат қауымы үшін баға жетпес құндылық екенін айтты. Ғалымдар алда жаңа табылған көне жәдігерді жан-жақты зерттеп, текстологиялық жағынан жүйелеу міндеті тұрғанын алға тартты.

Сала мамандары өз сөздерінде түркі тілдерін зерттеу, Орхон, Енисей, Талас жазба ескерткіштері мәтінін түпнұсқадан қайта оқу, түркі тілдерінің сабақтастығын көрсету сынды түркологияның өзекті мәселелерін қозғап, өз пікірлерін ортаға салды.

Әйгерім
ӘЛІМБЕК

Қаралы қаңтар оқиғасынан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев көтерген «Жаңа Қазақстан» идеясы ауқымды реформалар мен оң өзгерістерге негіз салып, тың мүмкіндіктер мен заманауи үрдістерге жол ашты.

Жаңа Қазақстанның жаңару мен жаңғыру жолы ел Президентінің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты кезекті жолдауында да жан-жақты қамтылып, жарқын болашақ құрудағы жасампаз жоспарларымыз бен кешенді бағдарламалар айқындалды.

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

Әділетті мемлекетке сапалы маман қажет

Мемлекет басшысы өз сөзінде: «Саяси реформалар «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласымен жүзеге асырылып жатыр. Бұл тұжырым – қоғамымыздың мызғымас тұғыры. Реформалардың мазмұны жан-жақты толығы бермек. Жалпыұлттық ынтымақты және билік пен қоғамның серіктестігін нығайта береміз», – дей келе, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын ұстану аса маңызды. Біз қоғамға іріткі салуды емес, елді ізгі мақсатқа жумылдыруды ойлауымыз керек. «Әділетті Қазақстан» идеясының түпкі мәні – осы. Біздің алдымызда айрықша міндет тұр. Бұл – еліміздің егемендігін және жеріміздің тұтастығын сақтап қалу. Елдігімізді қорғаудың ең



басты жолы – берекелі бірлік. Бұдан басқа жол жоқ», – деп нақты айтты.

Сондай-ақ жалпыхалықтық референдумда ортақ қабылданған конституциялық өзгерістер әділетті Қазақстанның символына айналатынын жеткізді. «Біз Ата Заңымызда «жер мен табиғи ресурстар халықтың меншігі» деген басты қағидаты бекіттік. Бұл құр сөз

емес. Бұл – барлық реформаның арқауы», – деді Президент.

Мемлекет басшысы әділетті қоғам орнатудың басты бағдары ретінде елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру мәселесіне айрықша тоқталды. «Биыл біз жаңа кезеңге қадам бастық.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті білім алушыларға есігін айқара ашты. Білім күні барлық факультеттерде 1-курс студенттеріне арналған көшбасшылық дәрістер өткізіліп, белгілі ғалым-профессорлар тәжірибелерімен бөлісті.

Оқу орнының Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев оқытушы-профессорлар құрамы мен барша білім алушыларды Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. «Кемел келешек кілті – озық білімде. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Білімді болу үшін оқу

Білім күніндегі алғашқы дәрістер өтті

керек, бай болуға кәсіп керек, ал күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген қағидасы бүгін де маңызын жойған жоқ.

Біздің басты мақсатымыз – жастарға сапалы білім беру, білікті ғылыми кадрларды даярлау, мемлекет дамуына қызмет ететін білікті мамандарды тәрбиелеу», – деп атап өтті ректор.

Биыл Қазақ ұлттық университетіне 4 мыңға жуық талантты жас мемлекеттік грантпен оқуға түсті. Оның ішінде 700-ге жуық "Алтын белгі", 100-ден астам "Елбасы" медалі, ғылыми жоба иегерлері,

олимпиада жүлдегерлері ҚазҰУ студенті атанды. Білім ордасы бакалавриат, магистратура, докторантураға 8276 студентті оқуға қабылдады.

Бүгінгі таңда зерттеу университеті мәртебесін иеленген Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – QS жаһандық рейтингі бойынша әлемнің үздік 150 университеті қатарына алғаш енген және халықаралық академиялық сарапшылардың да, отандық жұмыс берушілердің де жоғары бағасын алған қазақстандық жалғыз жоғары оқу орны.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ



ҚазҰУ Президент жолдауындағы бастамаларды қолдайды

3 >>



Раушангүл АВАКОВА:
Түркітану түркі тілдерінің өткенімен ғана шектелмейді

5 >>



Наталья ЕМ:
Кәсіби дамуыма жол ашқан білім ордасы

6 >>

ҚазҰУ Президент жолдауындағы бастамаларды қолдайды

Ауқымы кең, мазмұны бөлек жолдау



ның өзара сенімі және құрметіне негізделген жаңа саяси мәдениетті қалыптастырамыз.

Президент жолдауындағы міндеттерді шешіп, мақсаттарға жету үшін әрбір адам және бүкіл қоғам жаңғыруы қажет. Ұлттық, мемлекеттік құндылықтарымыз түбегейлі жаңаруы тиіс. Олай болуы өз қолымызда. Сондықтан баршаңызды Президент жолдауын бір кісідей қолдап, алдағы уақытта еліміздің әлеуметтік, рухани, экономикалық ахуалын жақсартуға атсалысуға шақырамын.

Төлеубек ПЕНТАЕВ,
Картография және геоинформатика кафедрасының профессоры, т.ғ.д.

Президент пайымдарын қолдаймын



Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауының негізгі идеясы – әр салада жаңа реформалар ұсынып, олардың жаңа бағытта жүзеге асуын қамтамасыз ету. Білім беру саласына енгізілетін жобалар қоғамның жаппай атсалысуына негізделіп, жастардың табысты білім алуына қолдау көрсетуімен ерекшеленді. Жастардың білімі мемлекеттің қаруы саналатындықтан, олардың білім ала жүріп еңбек етуге, бизнес және кәсіпкерлікпен айналысуына жол ашу ұсынылды. «Еңбекқор адам ең сыйлы адам болуы тиіс», – деген Президент сөзі бүгінгі күннің басты қағидасына айналса, халықтың әл-ауқатының көрсеткіші артады деп пайым жасауға болады.

Қазақстан Республикасының білім беру мен ғылым саласындағы жүйелі өзгерістері әлемдік деңгейдегі жаңашыл бастамалармен үндесіп, мемлекеттің интеллектуалдық және рухани ресурстарының қайнар көзі ретінде басты рөл атқаруы тиіс. Себебі мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік жетістіктері ең алды-

мен оның білім беру жүйесімен, азаматтарының білім деңгейімен анықталады.

Ұлт мүддесіне ұйысуға шақырған жолдауда ұлттық сананы, психологияны, ойлау жүйесін, дүниетанымын, парасатын, рухын, бейнесін, сондай-ақ ұлттың инновациялық қабілетін дамыту көзделді.

Гүлнар МҰРАТБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының профессоры, педагогика ғылымының докторы

Бұл мемлекет тарапынан үлкен қолдау



Университеттің профессоры ретінде бізге жолдауда жоғары білім беру саласына қатысты тұжырымдар маңызды болды.

Отандық жоғары оқу орындары сапасының артуына орай, оларда оқу құны да өсетіні анық. Осыған байланысты мемлекет білім беру гранттарын бөледі жоспарлап отыр, яғни ҰБТ нәтижелері мен өзге де көрсеткіштерге байланысты мөлшері бойынша 30-дан 100 пайызға дейін сараланып, жылдық 2-3 пайызбен оқуға несие беріледі. Бұл мемлекет тарапынан үлкен қолдау. Білім саласына қатысты келесі өзекті мәселе – студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету. Бұл мәселені шешу мақсатында Президент жоғары оқу орындарымен және құрылыс компанияларымен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігін белсенді енгізуді ұсынды.

Жолдаудағы жаңа идеялардың бірі – әрбір отбасының елдің ұлттық байлығын пайдаланудан нақты қайтарым алуы тиіс деген ережесі. Осыған орай, Президент Балалар жылы аясында «Ұлттық қор – балаларға» жобасы өте маңызды екенін атап көрсетті. Мемлекет басшысы Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнайы жинақтаушы шоттарына мерзімінен бұрын алу құқығынсыз аударуды ұсынды. Кәмелетке толғаннан кейін жинақталған сома тұрғын үй сатып алуға және білім алуға бағытталады болады. Жолдауда атап өтілгендей, бұл қаражат ескелең ұрпаққа ересек өмірге нағыз жолдама болатыны қуантады. Президент болашақ сайлау науқандарының кестесін ұсынып, ағымдағы жылдың күзінде кезектен тыс президенттік сайлау өткізуді ұсынды және өзінің өкілеттік мерзімінің қысқаруына қарамастан, президенттік сайлауға қатысуға дайын екенін білдірді.

Клара МАҚАШЕВА,
Халықаралық қатынастар мен әлемдік экономика кафедрасының профессоры, тарих ғылымының докторы

Азық-түлік бағасы ауыздықталуы тиіс



қамтамасыз ету үшін өнім өндірушілерге жер керектігін, жер телімдерін бөлу нормаларын анықтаудың қажеттігін, субсидия бөлуін инфрақұрылымның көлеміне сәйкестігін қамтамасыз етудің олқы тұстарына тоқталды. Үкіметтің баяу қимылдауы салдарынан шекер мен жанар-жағармайға байланысты мәселелердің туындағанын да атап өтті. Су тапшылығының жылдан-жылға сезіліп, ауыл шаруашылығын дамытуға, жалпы, тіршілікке кері әсерін тигізбеуі үшін суды үнемді пайдалану керектігі айтылды. Ауыл шаруашылығын дамытуға мүмкіндік беретін 2,9 миллион гектар жер қайтарылғанын, тағы 5 миллион гектар жердің қайтарылатынына тоқталды.

Мәди БАЙДӘУЛЕТОВ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қаржы және есеп кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.к.

Ұлт денсаулығын жақсартуға зор ықпал етпек



Медицина және денсаулық сақтау факультетінің профессорлық-оқытушылық құрамы және студенттері Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бүгінгі жолдау шеңберінде жүзеге асырылатын саяси реформалардың жаңа бағдарламасы мен әлеуметтік-экономикалық бағытта атқарылатын іс-шараларды мұқият тыңдап, талқылады.

«Еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл айқын нәрсе. Сондықтан ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты. Ұлт саулығы жақсы болса ғана қоғам орнықты дамиды. Денсаулық сақтау саласында біраз реформа жүргізілді. Дегенмен оның жағдайы әлі де мез емес», – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Атап айтсақ, еліміздің денсаулық сақтау саласын қаржыландыру мәселесі. Қазіргі таңда тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті медициналық әлеуметтік сақтандыру пакеті шеңберінде көрсетіледі. Ел Президенті мұндай жүйенің тиімділігі төмен және сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер толық көлемде көрсетілмей отырғанын баса айтты. Осы орайда, денсаулық сақтау саласын және жалпы әлеуметтік саланы қаржыландыру жүйесін қайта қарау мәселесін орынды деп санаймыз.

Медициналық инфрақұрылымды кешенді түрде жақсарту, ерікті медициналық сақтандыру жүйесін енгізу, медицинаға инвестиция тарту, мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту – қазіргі күннің талабы. Келесі жылдан басталатын Ұлттық жоба ауыл тұрғындары-

ның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, 650 елді мекенде толық жабдықталып, жаңғыратын медициналық және фельдшерлік пункттер бірінші медициналық көмекке тұрғындардың қолжетімділігін арттырады. Құрамында хирургия, реанимация бөлімшелері, инсульттік, оңалту орталықтары бар, модернизациядан өткен 32 ауданаралық көпсалалық медициналық мекемелер 4 миллионнан астам тұрғынның сапалы медициналық көмек алуына мүмкіндік береді. Мұнан өзге, телемедицина арқылы шалғай аудандарда тұратын халық жоғары білікті медициналық көмекке қол жеткізеді. Сондықтан да жолдауда айтылған іс-шараларды жүзеге асыру ұлтымыздың денсаулығын жақсартуға және нығайтуға зор ықпал жасайды.

Сүндетғали ҚАЛМАХАНОВ,
Медицина және денсаулық сақтау факультеті Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі директорының ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары, м.ғ.к.

Новые направления формирования Нового Казахстана

Послание Президента РК – ожидания оправдались



Убежден, что Послание, оглашенное Президентом Казахстана, мало кого оставило равнодушным, так как оно было адресовано всем слоям нашего общества. Ведь не секрет, что население страны хотело бы знать, что в ближайшее время ожидать нашему народу на пути строительства Нового Казахстана. И надо думать, что его ожидания в большинстве случаев оправдались...

В силу масштабности документа, остановилось тезисно лишь на положениях Послания, имеющих отношение к судебной системе страны.

В первую очередь, хотелось бы отметить, что К.К. Токаевым поставлен вопрос о необходимости срочного обновления и оздоровления судейского корпуса. Данный вопрос является реально назревшим, о чём свидетельствуют многочисленные жалобы на качество отправления правосудия в стране.

В этой связи, обращает внимание следующие положения документа: предстоит обеспечить равный статус всех судей, снизив их зависимость от вышестоящих коллег; предложено применить выборные механизмы при отборе самими судьями кандидатур на должности председателей судов и председателей судебных коллегий; необходимо приступить к внедрению элементов выборности судей Верховного Суда. Для этого Президент будет вносить в Сенат кандидатуры на альтернативной основе; важность создания соответствующих стимулов и условий для привлечения в сферу сильных юристов; необходимость укрепления статуса Высшего судебного совета, который должен стать полноценным институтом с четкими кадровыми функциями, начиная с отбора и заканчивая рекомендациями по назначению судей всех уровней; принципиально важно искоренение влияния силовых органов, исключив все инструменты их административного давления на судей; вместе с ограничением вмешательства в деятельность судей предлагается усилить их ответственность за серьезные нарушения; каждый отмененный судебный акт, при вынесении которого судья допустил грубую ошибку, должен проверяться Судебным жюри; предложено также пересмотреть институт оценки и привлечения к ответственности судей по критерию «качество отправления правосудия».

Среди предложенных нововведений в судебной сфере в Послании указано на необходимость реформирования института апелляции. Кстати,

весьма назревшее решение, которое позволит прекратить практику возврата апелляционной коллегией уголовных дел в суды первой инстанции без каких-либо оснований.

Очень существенное положение Послания Президента РК связано с необходимостью провести ревизию Уголовного и Уголовно-процессуального кодексов с тем, чтобы избавиться от всего, что фактически не работает или препятствует правосудию. Не менее важна констатация, чтобы после внесения соответствующих поправок они не подвергались бесконечным корректировкам, ибо с 2015 года в Уголовный и Уголовно-процессуальный кодексы внесено уже более 1200 изменений. Здесь я бы дополнительно предложил бы исключить ведомственный характер формирования данных законодательных актов. Думается, не случайно К.К. Токаевым справедливо предлагается передать полномочия по коррекции уголовного и уголовно-процессуального законодательства Министерству юстиции.

Нет сомнений, что реализация перечисленных положений в значительной части позволит повысить качество судебных решений и снизить количество претензий населения к деятельности судебной системы.

Каримжан ШАКИРОВ,
д.ю.н., профессор кафедры
международного права
КазНУ им. Аль-Фараби
Почётный академик АПН РК

Озвученные Президентом инициативы вселяют надежду



В своем выступлении Президент особое внимание уделил социальной сфере, а именно, повышению уровня благосостояния граждан, улучшению качества предоставляемой медицинской помощи, повышению уровня доступности медицинской помощи.

Нас, как специалистов общественного здравоохранения очень вдохновил акцент на развитии сельского здравоохранения. Не секрет, что вопросы развития сельского здравоохранения остаются не решенными в течении очень длительного времени. И Президент инициирует запуск масштабного национального проекта. В течение двух лет будут построены и полностью оснащены медицинские и фельдшерско-акушерские пункты в 650 селах, в которых сегодня нет медицинских учреждений, что позволит обеспечить доступность к первичной медико-санитарной помощи более одного миллиона сельских граждан. Также будут модернизированы и преобразованы в межрайонные многопрофильные учреждения, 32 центральные районные больницы, где появятся консультные центры, отделения хирургии, реанимации и реабилитации. Этот шаг позволит значительно повысить качество медицинских услуг и доступность высокотехнологичной медицинской помощи более чем четырех миллионов наших граждан в сельских регионах нашей страны, тем самым сокращая разрыв между уровнем предоставления медицинских услуг городского и сельского здравоохранения.

Еще одним важным аспектом было озвучено развитие телемедицины, в результате которого будет обеспечена доступность квалифицированной медицинской помощи жителям отдаленных районов.

Особый акцент в своем выступлении Президент сделал на подготовке врачебных кадров, отметив необходимость повышения конкурентоспособности отечественного здравоохранения и медицинского образования в последовательных шагах. При медицинских вузах будут созданы университетские больницы и клиники, что не на словах, а на деле позволит реализовать принцип триединства образования, науки и практики. Также было отмечено, что в течение трех лет, количество грантов на обучение в резидентуре будет увеличено на 70%, что позволит сократить кадровый дефицит во врачебных специальностях. Все эти меры позволят не на словах, а на деле улучшить здоровье нашей нации.

Все озвученные Президентом инициативы вселяют надежду в достижение целей устойчивого развития, индикаторов государственных программ развития и позволят совместно построить Новый Казахстан.

Салтанат МАМЫРБЕКОВА,
доктор PhD, зав.кафедрой
эпидемиологии, биостатистики и
доказательной медицины

Мы поддерживаем политику нашего Президента

Сегодняшнее послание Президента Касым-Жомарта Токаева к народу Казахстана даст новый импульс происходящим переменам, так как затронуло многие острые и важные аспекты политической, экономической и социальной жизни страны. Наиболее важным вопросом является взаимосвязь между политической модернизацией и экономическим развитием. Конституционные реформы, одобренные народом Казахстана в результате всенародного референдума по внесенным поправкам в Конституцию в июне текущего года, стали поворотным моментом в истории Казахстана, что, в свою очередь, должно привести к экономическим успехам и процветанию. Также посредством конституционных реформ правительство стремится построить новый и справедливый Казахстан, где жизнь граждан и права человека составят основу государственной политики и общества. Одной из целей текущих политических реформ, как

подчеркнул президент, должно стать усиление защиты прав человека и создание органа омбудсмена, на который будут возложены обязанности по обеспечению прав человека и гражданина.

Наиболее ощутимым предложением Касым-Жомарта Токаева было введение новой президентской системы, в которой срок полномочий президента составит 7 лет на один срок. Думается, что это важный шаг к смягчению президентской власти и наделение большей властью и возможностями правительства и парламента. Политические реформы и институциональные преобразования направлены на повышение ответственности государства и органов государственной власти перед гражданами и содействие экономическому и социальному развитию. Сокращение государственного вмешательства в экономику и поощрение государственно-частного партнерства было указано ключевым в поли-



тике правительства. Существенная доля валового внутреннего продукта в значительной степени приходится на природные ресурсы, что выражается в зависимости Казахстана все больше от сырья. Для снижения чрезмерной зависимости от природных ресурсов следует поощрять государственно-частное партнерство и сотрудничество между государством и частными учреждениями для обеспечения финансирования строительства и

эксплуатации проектов в социально-экономической сфере. Укрепление транзитного потенциала и инфраструктуры страны, строительство и улучшение дорог и автомагистралей были обозначены в качестве стратегической цели правительства, направленные на стимулирование торгово-экономического развития.

Предстоящие реформы в сфере образования предусматривают воспитание нового поколения граждан, владеющими казахским, русским и английским языками. Грамотность на трех языках рассматривается как мощный импульс и культурный капитал для экономического и интеллектуального развития Казахстана. Как подчеркнул Президент, необходимо реформировать и модернизировать всю систему образования. Заявление президента о сокращении многолетнего обучения по всей стране и строительстве большого количества школ было также важным.

Президентом справедливо подчеркнута о стратегической важности водных ресурсов и системы здравоохранения. Очевидно, что Казахстан сталкивается с острой нехваткой воды, что является вопросом национальной безопасности. Из-за постепенного сокращения стока воды из соседних стран наше государство испытывает серьезные проблемы в экономике и сельском хозяйстве.

Сегодняшнее послание отличается привлечением внимания общественности ко многим важным проблемам и предложением пути их адекватного и эффективного решения. В свою очередь, мы должны поддерживать политику нашего президента, направленную на построение нового и справедливого Казахстана.

Габит ЖҰМАТАЙ,
к.и.н., и.о. доцента
зав.кафедрой Всемирной
истории, историографии и
источниковедения

Наталья ЕМ:

Кәсіби дамуыма жол ашқан білім ордасы

Наталья Ем – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, тарих ғылымының кандидаты, тарих және қоғамтану пәнінің оқытушысы, шығыстану факультеті Қиыр Шығыс кафедрасының меңгерушісі. Қазақстан корейлері қауымдастығы президиумының мүшесі, Қазақстан халқы Ассамблеясы Алматы қалалық ғылыми-сараптама тобының мүшесі.



лығын түсінеді, – деді Наталья Ем.

Ол өз кафедрасын университеттегі жетекші кафедралардың біріне айналдырды. 2014 жылдан бастап Корейтану кафедрасы мен Жапонтану кафедрасы Қиыр Шығыс кафедрасына біріктірілді. Содан бері кейіпкерімізге үлкен жауапкершілік жүктелді. Бұл міндет оған жоғары мотивация берді. Оның жетекшілігімен Корея мен Жапонияның жетекші университеттерімен бірқатар келісімшарттар жасалды. Мәселен, студенттер мен магистранттардың академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында байланыс орнатылып, магистратура және бакалавриат бағдарламалары бойынша қосдипломдық бағдарламалар ашылған және оқытушылар кәсіби өсу үшін жаңа мүмкіндіктерге ие болды. Наталья Ем кәсіби даму жолында зор мүмкіндік сыйлаған білім ордасына қашанда қарыздар екенін айтты.

– Еңбегімнің зая кетпегенін алғаш рет 2010 жылы Білім және ғылым министрлігінен «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантын алған кезде анық түсіндім. Кейінірек, әрине, басқа да медальдар, сертификаттар алдым, бірақ аталмыш марапат еңбек жолымның бастауында ең жарқын әсер қалдырды. Тағы бір үлкен қуаныш – Кореяның жетекші университеттерінде және 2018 жылы Токио университетінде екі ұзақ мерзімді тағылымдамадан өту бақыты бұйырды. Жақында АҚШ-тың Нью-Йорк қаласындағы Queen's College жанындағы Корей қауымдастығын зерттеу орталығы ұйымдастырған «Америкалық корейлердің тарихи Отанымен байланыстар» тақырыбында өткен конференцияны үлкен қуанышпен еске аламын. Диалог алаңында алғаш рет Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Этникалық Отанмен байланыстар: неке көші-қонындағы ТМД елдерінің корей әйелдерінің жағдайы» тақырыбындағы зерттеу жобамыз ұсынылды. Мұның бәрі өте қызықты, жұмысында жалғастырып, жаңа көкжиектер ашуға итермелейді. Бұл жетістіктеріміз барлығы, түптеп келгенде, ҚазҰУ-да қызмет етуімнің көрсеткіші деп білемін, – деп сөзін тамамдады кафедра меңгерушісі.

Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ



Нұрбек РҮСТЕМ

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қолданысын арттыру, даму тетіктерін жетілдіру, сол бағытта білікті мамандар даярлау – қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі. Осы орайда, қазақ тілінің қолданбалы аспектілерін меңгерген, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде өміршеңдігін, қызметін талдап-сараптайтын, білім беру мекемелерінде және мемлекеттік тіл орталықтарында үйлестіру жұмыстарын жүргізе білетін маман даярлау мақсатында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 2022/23 оқу жылында «Қолданбалы қазақ тіл білімі» мамандығы ашылды.

Қолданбалы қазақ тіл білімі мамандары даярланады



Жаңа мамандыққа даярлау үшін бакалавр деңгейі бойынша 12 студент қабылданды, оның 11-і – грант иегері, бір студент ақылы оқиды. Ал магистратура бойынша 10 магистрант қабылданды.

«Қолданбалы қазақ тіл білімі» білім беру бағдарламасының мақсаты: қазақ тіл білімінің ғылыми-теориялық негіздерін меңгерген ғылыми қызметкер; қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың инновациялық әдістемесін игерген оқытушы; филологиялық қызметтің негізгі салаларындағы практикалық мәселелердің шешімін табу тәсілдері бойынша және шешендік өнерге баулу техникасы мен әдістерін меңгерген маман даярлау.

Білім беру бағдарламасы аясында қоғамдағы мемлекеттік тілдің қолданысы бойынша болатын кедергілер себептеріне социолингвистикалық сараптамалар жасау, оларды болдырмау жолдарын қарастыру, тілдің қолданбалы аспектілері, қазақ және шет (орыс, ағылшын) тілдері ерекшеліктерін тілдер типологиясы бойынша салыстырмалы аспектіде меңгеру, қазақ тілін өзге тілді аудиторияда меңгерудің тиімді стратегиялар жүйесін игеру, қарым-қатынастың кез келген түрін ұйымдастыру, копирайтинг және спичрайтингтің бағыттары мен түрлерін ажырату, көпшілік алдында сөйлеу мәтінін және жарнамалық мәтін құру, интернет-коммуникацияның түрлерін, тілдік ерекшеліктерін талдау, ұлттық корпус құру тәжірибесін, құжат тілінің мазмұндық-құрылымдық жүйесін құрайтын тілдік стандарттылық, терминдердің бірізділігі, номенклатуралық атаулардың жазылуы сияқты кешенді лингвистикалық білім беру көзделеді.

Ол 1973 жылы Талдықорған қаласында дүниеге келген. 1996 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін тарих мамандығы бойынша тамамдады. Содан кейін 1999 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Ғылым министрлігі Шығыстану институтының күндізгі аспирантурасын аяқтағаннан кейін «Қазақстан корейлерінің ұлттаралық некелері (тарихи-демографиялық аспект)» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады және 2005 жылы «Отандық тарих» мамандығы бойынша тарих ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алды. 2017 жылы оған «Тарих» мамандығы бойынша ҚР БҒМ қауымдастырылған профессоры ғылыми атағы берілді.

– Мен күн сайын таңертең ойға алған жоспарымды орындау үшін ҚазҰУ-дағы жұмысыма асығамын. Осы бір ынта-ықылас маған ерекше шаттық сыйлайды. Неге десеңіз, мен өз жұмысымды жақсы көремін әрі факультетімді мақтан тұтамын. Үстаздарымды, әріптестерімді құрметтеймін және бағалаймын, ал студенттерсіз бір күнімді де елестете алмаймын. Кейде аудиторияда бірнеше сағат бойы студенттермен белгілі бір тақырыпты талқылап, тереңдей түсеміз. Сонда олардың жан-жақтылығына тәнті боламын. Студенттер соны зерттеулер мен тың нәтижелерге қол жеткізген кезде еңбегіміздің еш кетпей, еленгеніне қуанамыз, – дейді кафедра меңгерушісі.

Ол бала кезінен филология факультетіне түсуді жоспарлаған. Дегенмен әкесі қызының қабілеті мен қызығушылығын жақсы білетіндіктен, оған тарих факультетіне

түсуге кеңес берген. Сол кезеңде Кеңес Одағы ыдырап, бүкіл тарих қайта қаралған кез болатын. Кейіпкеріміз тарих факультетіне оқуға түсіп, таңдауынан жаңылмағанын тілге тиек етті.

Кейін альма матерге оралған кейіпкеріміз корейтану саласындағы ғылыми ізденістерін жалғастырды, мұнда ғалым және ұстаз ретінде қарқынды түрде мансап жолында еңбектенді. Шығармашылығында өзін не қызықтырады деген сұраққа жауап берген Наталья Ем өз халқының тарихын 1990 жылдардан бастап зерттей бастағанын айтады. Бұл көптеген ұлт өкілдерінің өз тегіне, мәдениетіне, тіліне белсенді түрде орала бастаған этникалық жаңғыру кезеңі болатын.

– Қазақстанның көпэтносттық, көпмәдениеттілік және көпконфессиялық бірегей ерекшелігі бар. Жүзден астам этнос қазіргі қазақ қоғамының, Қазақстанның келбетін сипаттайды. Этностардың тарихи тағдыры әрқилы қалыптасқанымен, олардың барлығын Ұлы даланың байырғы тұрғындары жылы шыраймен қабылдап, қамқорлық көрсетті. Оларды қазақ жері біріктірді. Осындай этностардың бірі – Қазақстандағы корейлер. Олардың жалпы саны елімізде жүз мыңнан сәл асқанымен, корейлерді қазақстандық қоғам өмірінің барлық саласында кездестіруге болады. Бір шаңырақ астында тату-тәтті ғұмыр кешіп жатқан өзге этнос өкілдері секілді корейлер де әрбір отбасылық ортада, әрбір еңбек ұжымында бар. Қонақжай елдің этностары саяси тұрақты, экономикасы ауқатты, ең бастысы – эмоционалды заңдылық деңгейі жоғары қоғамда біртұтас отбасы ретінде

өмір сүріп келеді, – дейді Наталья Ем.

Қазақстандағы корей диаспорасының тарихын сақтап қалу, басқа елдердегі кәрістердің тарихын зерттеу мақсатында кейіпкеріміз зерттеу жұмысын жалғастырды. Ол шетелдегі корейлер тақырыбына қызығушылық танытты және көкейіндегі сұрақтарға жауап іздеп, зерттеумен айналысты. Оның диссертация тақырыбы «Қазақстандағы корейлердің ұлттаралық некелері» (2012) болды. Наталья Борисовна бұл саланы әлі күнге дейін жете зерттеп келеді. Алпыстан астам ғылыми мақаласы мен тағы екі – «Шетелдегі корейлердің этносаралық қатынастары» (2014 ж.), «Оңтүстік Кореядағы халықаралық некелер: мультикультурализмнің мәселелері мен перспективалары» (2020) атты монографиялары жарық көрді.

– Корейлер еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына нақты үлес қосып келеді. Қазақстандық қоғам әлеуметтік-экономикалық дамудың, саяси тұрақтылықтың жоғары деңгейін сақтай отырып, этностық, діни, тілдік ерекшеліктеріне қарамастан, қоғамның әрбір мүшесінің бірегейлігін тануды сақтайды. Қазақстандағы корейлердің жас буыны өздерінің, ата-бабаларының Отаны, сонымен қатар олардың ұрпақтары мекен ететін жер – Қазақ елі екенін мойындап отыр. Олар жеке тұлға ретінде өзін-өзі қамтамасыз етуге, сапалы білім алуға, қазіргі еңбек нарығындағы қатал бәсекеге төтеп беруге, өз ісінің нағыз маманы болуға талпынады. Сонымен қатар қазақстандық қоғамға, мемлекетке пайдалы болудың маңызды-

Новости высшего образования

Внедряют гендерное раздельное обучение

Начало нового 2022-2023 учебного года омрачено нововведением в действие приказа Министра просвещения Республики Казахстан от 3 августа 2022 года № 348 «Об утверждении государственных общеобязательных стандартов дошкольного воспитания и обучения, начального, основного среднего и общего среднего, технического и профессионального, послесреднего образования» и введу с утратой силы приказа Министра образования и науки РК от 31 октября 2018 года № 604 «Об утверждении государственных общеобязательных стандартов образования всех уровней образования». Принято решение о неделимости классов на группы при преподавании предмета физическая культура. Это, безусловно, приведет к сокращению численности работающих педагогов. Тысячи учителей физической культуры оказались под угрозой увольнения.



Данное решение стало неожиданным, так как еще в мае текущего года ответственные работники Министерства просвещения заверяли педагогическую общественность в том, что с начала нового учебного года в казахстанских школах будет внедрено гендерное раздельное обучение по физической культуре и технологии.

Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников образования и науки не

может оставаться безучастным к проблемам педагогов и членов их семей. Профсоюз обратился в уполномоченный государственный орган в сфере просвещения с предложением в кратчайшие сроки разрешить созданную конфликтную ситуацию через соглашение сторон социального партнерства и надеется не прибегать к иным формам защиты прав трудящихся, установленных Законом РК «О профессиональных союзах».

Руководящие органы профессионального союза призывают работников воздержаться от совершения незаконных действий. Защита наших прав и законных интересов должна осуществляться в строгом соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан, сообщила пресс-служба Казахстанского отраслевого профессионального союза работников образования и науки.

Министр науки и высшего образования Саясат Нурбек недавно встретился с представителями International Academy of Medicine and Sciences (Международная академия медицины и науки).

Предложили открыть Казахстанско-Индийский университет



«Генеральный директор академии Наджхаван Рупал предложил открыть университет информационных технологий с дублированной (Казахстан — Индия) программой обучения в Алматы. Стороны обсудили перспективы развития академического сотрудничества в сфере медицины, фармацевтики и биотехнологий. Кроме того, компания намерена построить в стране поликлиники и фармацевти-

ческие заводы», — сообщает Телеграм-канал ведомства.

В свою очередь, Саясат Нурбек рассказал главе международной академии о порядке открытия и регистрации учебных заведений, а также выразил готовность к установлению партнерских связей со стороны министерства. Также министр отметил, что академии следует построить достаточное количество общежитий для студентов.

Рассмотрены вопросы военного образования



В Военном институте Сухопутных войск под руководством заместителя министра обороны генерал-лейтенанта Султана Камалетдинова прошел учебно-методический сбор с руководящим составом военных учебных заведений Казахстана. В ходе мероприятия были рассмотрены вопросы повышения научно-педагогического потенциала и квалификации профессорско-преподавательского состава военных учебных заведений, а также совершенствования организации агитационно-имиджевой работы с учениками общеобразовательных школ.

Вниманию участников был представлен доклад начальника Департамента военного

образования и науки генерал-майора Жумабека Ахметова «Об организации учебно-методической и научной деятельности в военно-учебных заведениях Министерства обороны». Начальники военных учебных заведений доложили заместителю руководителя оборонного ведомства об итогах работы приемных комиссий, о готовности к новому учебному году и подготовке к государственной аттестации, проводимой уполномоченным государственным органом в области образования. В завершении мероприятия генерал-лейтенант Султан Камалетдинов определил задачи на новый учебный период.

Кайржан ТУРЕЖАНОВ

Профсоюзы решают насущные проблемы

Профсоюз призван решить основные насущные вопросы – экономические и трудовые, поддерживать интересы работников и защищать их конституционное право в случае нарушения. Основные задачи любого профсоюза: решение социальных вопросов работников; решение вопросов об определении рабочего времени и времени отдыха; разбор нарушений и штрафов, накладываемых на сотрудников администрацией предприятия; организация безопасного рабочего процесса; решение вопросов о зарплате и пенсионном обеспечении. Работник вступая в члены профсоюза чувствует себя более защищенно, поскольку знает, что при возникновении конфликтной ситуации не останется с работодателем один на один.



ботников. При содействии правовой службы восстановлено на работе 4 уволенных работника.

Оказана правовая помощь членам профсоюза при разрешении индивидуальных трудовых споров в согласительных комиссиях – в 223 случаях, в судах – в 17 случаях. По требованиям профорганов возвращено незаконно удержанных или невыплаченных членам профсоюза денежных сумм всего по республике 124 180 505 тенге, сообщила пресс-служба Казахстанского отраслевого профсоюза работников образования и науки.

тенге. В рамках общественного контроля за исполнением трудового законодательства проведено 1 188 проверок, выявлено 2 620 различных нарушений трудового законодательства, из них 754 в части оплаты труда, 855 - по оформлению трудовых отношений, 251 - режиму рабочего времени и времени отдыха. По выявленным нарушениям внесены представления работодателям по устранению нарушений и восстановлению нарушенных прав ра-

Руководителей двух вузов наказали



ществляется должный контроль по соблюдению государственных общеобязательных стандартов. Более того, не выстроена организация учебно-методического процесса, координация работы подразделений учебных заведений не на должном уровне.

Указанные нарушения стали возможными вследствие ненад-

Руководителей двух ВУЗов МВД наказали за недостатки в работе, сообщает Polisia.kz. В ведомстве пояснили, что в деятельности двух ВУЗов МВД выявлены грубые нарушения и существенные недостатки в организации учебной и учебно-методической работы.

Проверка показала, что руководством Костанайской академии и Актюбинского юридического института МВД не обеспечена качественная и эффективная учебная и учебно-методическая работа, не осу-

лежащего исполнения функциональных обязанностей и должностных инструкций руководством Академии и Института. За упущения и провалы в работе руководством Костанайской академии и Актюбинского юридического института, министром внутренних дел Маратом Ахметжановым подписан приказ о наказании. Так, заместитель начальника Костанайской академии МВД РК им. Ш.Кабылбаева Ахан Нурушев предупрежден о неполном служебном соответствии. А начальнику Актюбинского юридического института МВД РК им. М.Букенбаева Алтаю Байсултанову объявлен строгий выговор, сообщили в пресс-службе МВД РК.



Студенттер мен оқытушыларға жағдай жасалған

ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев университеттің қаржылық қызметінің негізгі мақсаты студенттер мен оқытушыларға кеңінен жағдай жасау екенін үнемі айтады. «Парасат» кәсіподақ комитетінің төрағасы Т.Мекебаев сауықтыру және бос уақытты ұйымдастыруға бағытталған жұмыстардың жүйелі түрде іске асырылуына көп көңіл бөледі.



«Көп еңбегі көңілді» дегендей, осы қуанышты жаңалықтың әсерімен филология факультетінің Шет тілдер кафедрасының ұжымы университет жанындағы «Парасат» кәсіподағының қолдауымен бір демалыс күнін табиғат аясында көңілді өткізіп қайтты. Алматының көз тартар, табиғаты әсем жерлерінің бірінде орналасқан

«Форель шаруашылығына» саяхат жасауға кафедра меңгерушісі Д.Досмағамбетова ұсынғыс жасады, қуана қабылдадық. Себебі бұндай саяхатқа ұжым болып алғашқы рет шығуымыз. Бұл саяхат қаланың шуынан, күнделікті күйбең тіршіліктен бір мезгіл арылып, әсем табиғатты тамашалауға мүмкіндік сыйлады.

Қолдау көрсетіп, жақсы жағдай жасағаны үшін «Парасат» кәсіподағына Шет тілдер кафедрасы атынан алғыс айтамыз. Еңбектеріңізге табыс тілейміз!

Қ.АЙСҰЛТАНОВА,
Шет тілдер кафедрасының оқытушысы, ф.ғ.к.

Кәсіби қызмет пен салауатты өмір салтын ұстанып, университетіміздің «Парасат» кәсіподақ ұйымының қолдауымен және Жағдаяттық басқару орталығының білікті мамандарымен «DemiLove» бағдарламасы шеңберінде Алатау бөктерінде табиғат аясында белсенді демалыс өткізілді.

Орталық қызметкерлері демалыс барысында ұйымдастырған байқау-ойындарына, атап айтқанда: команданың ынтымақтастығын, ептілігін, икемділігін, ассоциациялық қабылдауын, әлеуметтік перцепция қасиетінің дамуын, шығармашылық қабілеттерін көрсететін «Бір арнадамыз», «Инженер», «Байланыс», «Құдағи бір би» және т.б. ойындарға қатысты. Байқау-ойындары үш команданың «Жаңа Қазақстан және менің болашағым» атты сурет салу және оны қорғау шартымен жалғасты. Жүргізілген ойындар қызметкерлердің өзін-өзі бағалауға, командамен жұмыс атқару қабілетін дамытуға және командалық рухты нығайтуға, шығармашылық қиялдарының қайта жаңғыруына мол мүмкіндік берді.

Демалыс командалық рухты нығайтады



Сонымен қатар орталықтың қызметкерлері домбыра, гитара аспаптарында әсем әндер орындады. «Парасат» кәсіподақ ұйымы рухани дамуымызға қолдау көрсетіп, тұрмысымызды кеңінен қамтып, әрбіріміздің салауатты өмір сүруімізге мүмкіндік беріп отырғанына көңіліміз толады. Адам баласын игі істерге бастайтын ізгі жүректің қалауы да – жақсылық. Ендеше бір-

бірімізге деген жақсылығымыз көп болсын.

Өрлеу мен өсуге мүмкіндік беретін, іргетасына 90 жыл толайын деп отырған ұлттық университетіміздің болашағы жарқын болғай!

А.БЕКМЕТОВА,
Ж.МОЛБАСЫНОВА,
Жағдаяттық басқару орталығының бас мамандары

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

«QAZAQ UNIVERSITETI»

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Газетке жазылу индексі: **64787**



- «Qazaq universiteti» газеті – 75 жылға жуық тарихы бар іргелі басылым.
- Газет 2022 жылдың қаңтар айынан республика көлемінде таратылады.
- Басылымда елдегі және университеттегі айтулы жаңалықтар қамтылады.
- «Qazaq universiteti» газетіне жазылып, өз мақалаңызды ұсынуға сіздің де мүмкіндігіңіз бар.
- Егер сіз әлеуметтік осал топтағы студенттерге «Qazaq universiteti» газетін жаздырып, рухани қолдау білдіргіңіз келсе, Halyk bank QR қосымшасы арқылы төлем жасай аласыз.
- Ол үшін Halyk bank қосымшасы арқылы QR-кодты суретке түсіріп, белгілеу (назначение) бөлімінен «Qazaq universiteti» газетіне жазылу» деген бөлікті толтыру керек.
- Ал республика көлеміндегі оқырмандар үшін «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелері қызмет көрсетеді.



«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

	Аудан/ауыл	Қала
6 айға	1251,42 теңге	1363,14 теңге
12 айға	2502,84 теңге	2726,28 теңге

Ғылым және жоғары білім саласындағы жаңалықтармен танысқыңыз келсе,
«QAZAQ UNIVERSITETI»
газетіне жазылуды ұмытпаңыз!

Біздің оқырман



Әбдеш ТӨЛЕУБАЕВ,
тарих ғылымының докторы, профессор

Суретті түсірген – Марат Жүнісбеков

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры **Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры **Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: **64787**

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.